



ВОДНОЕ ХОЗЯЙСТВО КАЗАХСТАНА

# ҚАЗАҚСТАН

№2, (91) апрель-июнь 2021

СУАРМАЛЫ  
СУ ТАРИФІНІҢ  
ӨЗГЕРУІ

СУ  
ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ  
КҮНІ

ҚУАҢШЫЛЫҚТЫҢ

ШЕШУ ЖОЛЫ

# МАЗМҰНЫ:



2

Алғы сөз




8

Шаруа: Тарифтің өзгеруі біраз түйіткілді мәселелерді шешуге ықпал етеді

4

Мемлекет басшысы  
Мағзұм Мырзағалиевті  
қабылдады



11

Суару арналарын  
автоматтандыруға  
отандық компаниялар ғана  
тартылады



16

По сотрудничеству  
с Республикой  
Таджикистан




19

В Павлодарской  
области увеличивается  
площадь орошаемых  
земель



28

Су шаруашылығы  
саласының үздіктері  
марапатталды



24

Су - тіршіліктің негізі





Су ресурстары Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін ең өзекті тақырыптардың бірі. Планетаның 2 миллиард тұрғыны таза ауыз суға тікелей қол жеткізе алмайды. Бұл ретте сарапшылардың болжамы бойынша суға жаһандық сұраныс 2050 жылға дейін 55% - ға өседі.

Елімізде өзен ағысының төмендеуі мен су тұтынудың өсуіне байланысты орташа және ұзақ мерзімді кезеңде сумен қамтамасыз етудің төмендеуі болжанып отыр. Каналдар мен ирригациялық жүйелердің қатты тозуы себебінен тасымалдау кезінде көп су жоғалады. Салдарынан ауыл шаруашылығында шығындар 50% - ға дейін жетеді. Судың жартысына жуығы Қазақстанға Қытайдан, Орталық Азия елдерінен және Ресейден трансшекаралық өзендер арқылы келетін жағдайда республиканың су ресурстарына ұқыпты қараудың қаншалықты маңызды екені түсінікті.

Осы жылдар ішінде «Қазсушар» РМК еліміздегі судың аздығына байланысты жағдайды жақсарту үшін қолға алған жұмыстардың арқасында біз вегетациялық кезеңде республикада суарудың дағдарысты ахуалына жол бермейміз.

Алдағы жылдары біздің алдымызда күрделі міндеттер тұр. Мемлекет басшысы суармалы жер көлемін 2030 жылға дейін 1,6 млн.гектардан

3 млн. гектарға дейін ұлғайту жөнінде тапсырма берді. Сондай-ақ, апатты су қоймаларын қалпына келтіру, каналдарды цифрландыру, топтық су құбырларын салу қарастырылған. Бұдан басқа, министрлік жаңа Су кодексінің тұжырымдамасын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

Осы кешенді ауқымды жұмыстың барлығы республиканы сумен жабдықтауды едәуір жақсартуға бағытталған.

Мен «Қазсушар» РМК-ның барлық қызметкерлеріне олардың қажырлы еңбегі, жоғары кәсіби деңгейі, өз ісіне берілгендігі үшін алғыс айтамын. Су саласында мамандыққа деген сүйіспеншілігі, білімі мен тәжірибесі ұрпақтан-ұрпаққа берілген көптеген отбасылық әулеттер жұмыс істейді. Бұл біз үшін өте құнды.

Журнал беттерінен көптеген пайдалы және танымдық ақпараттар, аналитикалық мақалалар, сондай-ақ су ресурстары саласындағы сарапшылармен қызықты сұхбаттар таба аласыздар. Бұл сізге елдегі және әлемдегі су ресурстарына қатысты жағдайды жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Мен барша оқырманды суды бағалап, қорғауға шақырамын. Біздің және болашақ ұрпақтарымыздың өмір сапасы сумен және оның сапасымен байланысты.

*Құрметпен,  
ҚР Экология, геология  
және табиғи ресурстар министрі  
Мағзұм Мырзағалиев*



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МАҒЗҰМ МЫРЗАҒАЛИЕВТІ ҚАБЫЛДАДЫ

**ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВҚА ЕЛІМІЗДЕГІ СУ ҚОЙМАЛАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП БЕРІЛДІ. МАҒЗҰМ МЫРЗАҒАЛИЕВТІҢ АЙТУЫНША, СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ СУ ТАПШЫЛЫҒЫН БОЛДЫРМАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР.**

Атап айтқанда көрші елдердің қуыретті органдарымен өзара ықпалдаса отырып, су нысандарын қайта қалпына келтіру, цифрландыру және шаруаларды сумен қамтамасыз ету мәселелері қолға алынды. Қырғыз тарапымен Тоқтағұл су қоймасынан қосымша су жіберуге келісім жасалып, Жамбыл облысындағы Шу және Талас

өзендерінің бассейндеріне су жіберу кестесі бекітілді. Ресей тарапымен Ириклинск су қоймасынан Жайық өзеніне жіберілетін судың көлемін көбейту жөнінде келіссөз жүргізіліп жатыр. Президентке киіктерді қорғау үшін қабылданған шаралар мен олардың санын анықтау мақсатында жүргізілген санақтың қорытындылары жөнінде ақпарат берілді. Салалық ведомствоның мәліметі

бойынша браконьерлікке қарсы тиімді жүргізілген күрестің және заңнаманың қатаңдатылуының арқасында соңғы 2 жыл ішінде киіктердің саны 334 мыңнан 842 мыңға дейін көбейген.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Мағзұм Мырзағалиев Батыс Қазақстан облысына барып, сарапшылармен, ғалымдармен, жергілікті фермерлермен және әкімдікпен бірлесе отырып, киіктің жайылым өрісін анықтау мәселелерін кешенді түрде қарастырған. Қасым-Жомарт Тоқаев жалпы 657 мың гектар аумақты құрайтын «Бөкейорда» және «Ащыөзек табиғат қорығы» табиғи резерваттарын құру туралы шешім қабылдады. Бұл шешім Орал өңіріндегі киіктердің Жайық өзенінің сол жағалауына өріс ауыстыруына мүмкіндік береді. Бұдан бөлек министр балықтарды

қорғауға бағытталған «Бекіре», «Уылдырық шашу» және «Таза тоған» шаралары туралы айтты. Осы шаралардың нәтижесінде бірқатар қылмыстық іс қозғалып, айыппұлдар салынды, 300 шақырымға жуық ау мен бірнеше көлік тәркіленді.

Президенттің 2 миллиард ағаш егу туралы тапсырмасын орындау аясында бүгінге дейін 80 миллион көшет отырғызылған. Экотуризмді дамыту мақсатымен 4 ірі ұлттық паркке жалпы құны 31 миллиард теңгеден астам қаржы құятын инвесторлар анықталды. Президент министрліктің бұл бағыттағы жұмыстарын оң бағалады. Кездесу соңында Мемлекет басшысы су ресурстарын реттеу мәселесін ерекше бақылауда ұстап, браконьерлікпен күресті күшейтуді тапсырды.

# СУАРМАЛЫ ЖЕРЛЕРДІҢ КӨЛЕМІ 3 МЛН ГЕКТАРҒА ҰЛҒАЯДЫ



**Е**ліміздегі суармалы егіншілік аумағы жалпы игерілген жерлердің 8 пайызынан аспайды, ал одан алынған өнім жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің 35 пайызын құрайды. Сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес суармалы жерлерді кезең-кезеңімен 3 млн. гектарға дейін ұлғайту көзделген.

«Осы бағыттағы Түркістан облысының

жасап жатқан жұмыстарының бәрін үлгі ретінде алуға болады. Сөз жоқ, суармалы жерлер кепілді мол өнім беретін, қайтарымы жоғары, ауыл шаруашылығының «алтын қоры» ғана емес, ол – сол өңірлерде тұратын халықтың тіршілігі, әлеуметтік жағдайы, тағдыры деп айтсақ та болады. Еліміздегі суармалы егіншілік аумағы жалпы игерілген жерлердің 8 пайызынан аспайды, ал одан алынған өнім жалпы ауыл шаруашылық

өнімінің 35 пайызын құрайды. Сондықтан да Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес суармалы жерлерді кезең-кезеңімен 3 млн. гектарға дейін ұлғайтуды қамтамасыз ету мақсатында 2030 жылға дейін гидромелиорациялық жүйелер мен 38 жаңа су қоймаларын салу бойынша іс-шаралар әзірленіп жатқан Су ресурстарын басқару жөніндегі ұлттық жоба аясында іске асырылмақ», - деп атап өтті Сенаттың Аграрлық

мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы Әли Бектаев.

Түркістан облысында өткен ҚР Парламенті Сенатының аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің көшпелі отырысында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің ағын суға деген тапшылығын шешу жолдары талқыланды. ҚР экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Қожаниязов Су ресурстарының қалыптасқан тапшылығына байланысты су ресурстарын үнемдеу мақсатында бақылау мен есепке алуды енгізу мәселесі өте өзекті болып отырғанын айтты. Бұл ретте министрлік 2025 жылға дейін шамамен құны 192 миллиард теңгеге 4 мың шақырымнан астам суару желілерін қайта жаңартуды және салуды көздеп отыр.

«Бұл нәтижесінде су шығынын жылына 40-тан 17%-ға дейін немесе жылына шамамен 1,5

текше километр төмендетуге мүмкіндік береді. Мәселен, 2020 жылы Мақтарал ауданындағы К-19 магистралды каналын цифрландыру бойынша алғашқы пилоттық жоба іске асырылды, онда суды есепке алу және бақылау жүйесі орнатылған», - деп атап өтті экология министрінің орынбасары Серік Қожаниязов.

«Қазсушар» РМК бас директоры Алтай Елжасов өңірде ағын су ысырабына жол бермеу және су беру тәртібін реттеу үшін облыста алғаш рет тариф бекітілгенін (1000 текше метр ағын су үшін 328,6 теңге) айтты. Нәтижесінде, шаруаларға ағын суды тек қажеттілікке сәйкес бөлу тәртібі енгізілді.



Аслан Жеңісұлы

«Түркістан облысы әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2024 жылға дейінгі кешенді жоспары» бойынша ірі су нысандарын іске асыру нәтижесінде Түркістан өңіріне 200 млн м<sup>3</sup> ағын су қосымша жеткізіледі» - Алтай Елжасов.

Айта кетейік, Түркістан облысында қаржыландыру көлемі қарастырылған 153 миллиард теңгеге жобалар іске асырылуда, бұл барлық қарастырылған инвестициялардың 50%-ын құрайды.



# ШАРУА: ТАРИФТИҢ ӨЗГЕРУІ — БІРАЗ ТҮЙІТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУГЕ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

Су шаруашылығында суды жеткізіп берудегі шығындарды жаппайынша мәселе шешілмейді. Бұл ретте тарифтің әділ бағада көтерілуін қолдаймыз. Бұл «Қазсушар» РМК өкілдерінің Түркістан облысына іс-сапармен барған кездегі шаруалардың айтқан пікірі.

«Қазсушар» РМК өкілдері Түркістан облысы Шардара және Жетісай ауданының шаруаларымен кездесті. Жиында

биылғы жылдың басты өзгерісі - суармалы су тарифінің қымбаттауы туралы айтылды. Аталған мекеменің баспасөз хатшысы Аслан Жеңісов бұрынғы тариф Су шаруашылығы, гидрометеорологиялық жүйелерді пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ негізгі қарыз қаражатын қайтару мен олар бойынша сыйақыны қалыпты режимде жүзеге асыруға мүмкіндік бермегенін айтты. Бұдан бөлек,

жалақының аз болуына байланысты білікті кадрларды сақтап қалу мүмкін болмаған. Сондықтан «Қазсушар» мекемесінің жалпы шығыны 2 жылда 4 млрд теңгеге жетті.

«Кадрларды сақтау және объектілерді тиімді пайдаланып, қажетті операциялық шығындарды толық көлемде қосу үшін, «Қазсушар» қызметкерлері арасында әлеуметтік мәселені шешу мақсатында әділ тарифті бекітуге мәжбүр болдық.

Мұнда 2021 жылдың 1 мамырынан бастап орташа тариф 74 тиын/текше метр (ҚҚС-сыз) бекітілді», - «Қазсушар» РМК баспасөз хатшысы Аслан Жеңісов.

Жиынға қатысқан шаруалардың басым көпшілігі тарифтің өскенін қолдады. "Пердебай и К" фермерлік қожалықтың төрағасы Қаблан Жұмабековтың сөзінше, суармалы су тарифінің өсуі шаруалар үшін аса маңызды.

«Тариф құнын көтерілуін дұрыс деп есептеймін. Мұның барлығы Су шаруашылығында суды жеткізіп берудегі шығындарын жаппайынша болып жатыр. Құнын өсіру арқылы біраз түйіткілді мәселелерді шешуге болады деп ойлаймын. Сонда ғана су шаруашылығына білікті кадрларды тартып, тозығы жеткен су жүйелерін қалыпқа келтіруге мүмкіндік туады. Бұл өз кезегінде шаруалар үшін аса

маңызды. Біздің ауданның барлық шаруалары бұл бастаманы қолдайды деп сенімдімін», - **Қаблан Жұмабеков.**

Айта кетейік, Қазақстанда 1 мамырдан бастап каналдар арқылы су берудің жаңа тарифтері бекітілді. Қазір фермерлер 1 текше метр су үшін 74 тиын төлейді.

**Аслан Жеңісұлы**

# ТАРИФ ҚҰНЫНЫҢ КӨТЕРІЛУІНЕ ҚАТЫСТЫ ЖАМБЫЛДЫҚ ШАРУАЛАРДЫҢ ПІКІРІ

ТАРИФТИҢ КӨТЕРІЛГЕНІ ЖАМБЫЛДЫҚ ДИХАНШЫЛАР ҮШІН ДЕ ҮЛКЕН МАҢЫЗҒА ИЕ. АЛ ӨҢІРДЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСАТЫНДАРДЫҢ ҚАРАСЫ ҚАЛЫҢ. ҚУАҢШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕ СУ ЖЕТІСПЕУШІЛІК ПРОБЛЕМАСЫН ТАНЫС ШАРУАЛАР ТАРИФ ҚҰНЫ КӨТЕРІЛГЕНІМЕН, ДЕР КЕЗІНДЕ ҚАЖЕТТІ ТІРШІЛІК КӨЗІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ МАҢЫЗДЫ ЕКЕНІН АЙТАДЫ. ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН СУАРМАЛЫ СУ КАНАЛДАРЫ ЖӨНДЕЛСЕ, БӨЛІНГЕН СУДЫ ҰСЫРАП ЕТПЕЙ, ҚАЖЕТТІ КӨЛЕМДЕ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІГІ ТУАДЫ ДЕЙДІ.

«Тарифтің көтерілгенін шаруалар болып біз, әрине, қолдаймыз. Себебі сол тарифті көтеру арқылы қажетті техникаларды алуға, каналдарды жөндеуге мүмкіндік болар еді. Осы арқылы біз шаруамызды керемет қылып жүргіземіз деген ойдамыз» - деді шаруақожалық иесі Гүлханым Нұржігітова.

«Қазсушар» РМК өкілдері жұмыс сапары кезінде облыстағы Қордай, Байзақ сынды шаруалар саны басым аудандарда болды. Жүрмелі жиында кезінде аталған мекеменің баспасөз хатшысы Аслан Жеңісов шаруа-

ларға тарифтің не себепті көтерілгенін түсіндірді.

«Бүгінгі таңда барлық гидромелиорациялық жүйелер тозған күйде тұр, сәйкесінше судың мол көлемі жоғалды. Соңғы жылдары су тапшылығы байқалатындықтан, су ресурстары жетіспей, проблема туындады. Су шаруашылығы және гидромелиоративтік жүйелерді тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету үшін жүктемені азайту мақсатында Түркістан, Алматы, Жамбыл және Қызылорда облыстарындағы су шаруашылығы және гидро-

мелиоративтік жүйелерді қайта жаңарту» инвестициялық жобаларын іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен ЕҚДБ және ИДБ қарыздары тартылды, осыған байланысты республика бойынша бірыңғай тариф бекіту қажеттілігі туындады», - деді (Аслан Жеңісов).

Айта кетейік, Қазақстанда 1 мамырдан бастап каналдар арқылы су берудің жаңа тарифі бекітілді. Қазір фермерлер 1 текше метр су үшін 74 тиын төлейді.

**Аслан Жеңісұлы**

# СУАРУ АРНАЛАРЫН АВТОМАТТАНДЫРУҒА ОТАНДЫҚ ҚОМПАНИЯЛАР ҒАНА ТАРТЫЛАДЫ

«Қазсушар» РМК суармалы жүйені автоматтандырудың 5 жылдық жоспарын орындауға кірісті. IT жобалар бойынша басқарушы директор Тастан Наримбаев жоба негізінде

**119** негізгі магистральды және шаруашылықаралық каналдарда суармалы жүйені автоматтандырылатынын айтты. Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстары бойынша жалпы ұзақтығы

**2 830** шақырымды қамтымақ.

Автоматтандырудан бұрын геология, гидрология, геодезия және автоматтандыру бөлігінде зерттеулер жүргізілетін болады. Соның нәтижесінде жобалық-сметалық құжаттар әзірленеді. «Автоматтандырудың 5 жылдық Жоспары 2025 жылға дейін пысықталды және республиканың Оңтүстік облыстарында орналасқан «Қазсушар» РМК арналарын автоматтандыруды көздейді. Оларға жалпы ел бойынша су берудің 97% - ы тиесілі. «Қазсушар» РМК филиалдарының теңгерімінде - «Д. Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналы» филиалы, Алматы, Түркістан және Жамбыл филиалдары. Ағымдағы жылы біз 9 канал бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарына кірісеміз. 2025 жылдың соңына қарай 5 жылдық жоспардың барлық 119 каналды авто-



маттандыруды жоспарлап отырмыз. Бұл жоспардың жүзеге асуы «Қазсушар» үшін де, біздің тұтынушыларымыз үшін де өте маңызды», - Тастан Наримбаев.

Алдағы бес жылда су жинауы 6 кубадағы км болатын магистральдық каналдардың жартысынан астамы, сондай-ақ, шаруашылықаралық каналдардың жартысына жуығы цифрландырылады. Бұл арқылы 26 004 фермер мен 103 ауыл шаруашылығы кооперативі үшін 412,6 мың га жерді суаруға мүмкіндік бар. Мемлекеттік

сату порталы арқылы 23 каналды автоматтандыру бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуге 8 конкурс жарияланады. Осы жылы 9 канал бойынша 4 конкурс өткізілсе, келер жылы 14 канал бойынша 4 конкурс өткізіледі.

Айта кетейік, онлайн-брифингке ТПБЖ (технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелері) және БӨА (бақылау-өлшеу аспаптары) енгізу саласында қажетті құзыреті бар компаниялардың 45 өкілі қатысты. Басқарушы директор автоматтандыруға мамандандырылған ең құзыретті және кәсіби компаниялар тартылатынын айтты. Сондай-ақ, брифингке қатысқан компаниялар аталған жобаға қызығушылық танытуға шақырды.

**Аслан Жеңісұлы**



# К-19 КАНАЛЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ПАРАМЕТІРЛЕРІ



Ұзындығы  
**11,93 км**



Су алатын ауылшаруашылық кооперативі  
**2** (Достық-Гулистан және Хайдар)



Су алатын шаруашылықтар  
**328**



Каналда  
**16 тармақ,  
293 су алу нүктесі бар**



Суландыру жерлердің нақты ауданы  
**3 628 га**



Берілетін судың нақты көлемі  
**24 млн. м**

## Жобаның сипаттамасы:



Іске асыру құны -  
**30 млн. теңге**



Іске асыру кезеңі -  
2020 жылдың мамыр-қыркүйек айлары



Іске қосу кезеңі -  
2020 жылдың қыркүйек-желтоқсан айлары

## Қолданылған құрылғылар:



SITRANS LUI50 ультрадыбыстық деңгей өлшегіштерін қолдануы(Германия), Schneider Electric қозғалтқыштарының күштік бөлігін басқаруы (Франция), жиынтық редукторлар (РФ), SCADA WinCC Adv диспетчерлеу жүйесі





## ВОДЫ ПОКА ДОСТАТОЧНО ДЛЯ ЭКОНОМИКИ И НАСЕЛЕНИЯ, НО...

В КАЗАХСТАНЕ ПРОГНОЗИРУЕТСЯ СНИЖЕНИЕ ВОДООБЕСПЕЧЕНИЯ В СРЕДНЕ- И ДОЛГОСРОЧНОМ ПЕРИОДЕ ИЗ-ЗА ПАДЕНИЯ РЕЧНОГО СТОКА И РОСТА ВОДОПОТРЕБЛЕНИЯ. ПРИ ЭТОМ МНОГО ВОДЫ ТЕРЯЕТСЯ ПРИ ТРАНСПОРТИРОВКЕ ПО ПРИЧИНЕ КРИТИЧЕСКОГО ИЗНОСА КАНАЛОВ И ИРРИГАЦИОННЫХ СИСТЕМ. ОБ ЭТОМ НА ОТЧЕТНОЙ ВСТРЕЧЕ С НАСЕЛЕНИЕМ РЕСПУБЛИКИ СООБЩИЛ МИНИСТР ЭКОЛОГИИ, ГЕОЛОГИИ И ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ МАГЗУМ МИРЗАГАЛИЕВ.

**В** сельском хозяйстве, потери доходят до 50%. Также нужно учитывать и то, что 40% воды поступает в Казахстан по трансграничным рекам из Китая, стран Центральной Азии и России. Для улучшения ситуации с маловодьем в этом году, особенно на юге страны, Министерством достигнуты договоренности с Кыргызстаном, Узбекистаном и Таджикистаном по до-

полнительному сбросу и пропуску поливной воды в летний период. Также все регионы и акиматы еще в феврале были предупреждены о подготовке к вегетации в условиях маловодья с рекомендацией снизить посевы водоемких культур.

По словам Министра, во исполнение поручения Главы государства по увеличению площади орошаемых земель до 3 млн га к 2030 году с текущих 1,6 млн га, в про-

шлом году было отремонтировано 813 км каналов, введено в оборот 53,5 тыс. га орошаемых земель. В этом году площади орошаемых земель будут увеличены на 78 тыс. га, а до 2025 года - до 2,2 млн га. Также за 5 лет планируется провести реконструкцию более 4,5 тыс. км каналов.

Кроме того, предусмотрено восстановление 41 аварийного водохранилища, из которых 12 уже сданы в

эксплуатацию, еще 8 будут закончены в этом году, остальные - до 2025 года. Также запланировано строительство 39 новых водохранилищ в 9 регионах, в том числе в этом году - водохранилища Кенсай-Коскорган в Туркестанской области.

Также в прошлом году был реализован пилотный проект по цифровизации магистрального канала «К-19» протяженностью 12 км в Мактааральском районе Туркестанской области. Было установлено, что расход воды превышает поливные нормы на 45%. В этом году Министерство оцифрует 16 каналов, а всего в течение ближайших 5 лет - 119 каналов протяженностью более 2,8 тыс. км. Это позволит сэкономить до 2 км<sup>3</sup> воды.

В части доведения питьевой воды к населенным пунктам в 2020 году велась реализация 14 проектов строительства групповых водопроводов, из которых 3 завершены, а в этом году планируются к сдаче в эксплуатацию 8 проектов протяженностью 845 км. Министерством также ведется работа по разработке Концепции нового Водного Кодекса.

**Алишер Омирзак**



# ПО СОТРУДНИЧЕСТВУ С РЕСПУБЛИКОЙ ТАДЖИКИСТАН

31 мая 2021 года в г. Душанбе состоялась встреча Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан Мирзагалиева М.М. с Министром энергетики и водных ресурсов Республики Таджикистан Джума Д.С. по вопросу согласования режима работы водохранилища «Бахри Точик» на вегетационный период 2021 года.

В ходе встречи казахстанская сторона информировала таджикскую сторону, что с 1 июня текущего года Кыргызская Республика начнет осуществлять возврат электроэнергии, за счет чего в период с июня по август текущего года

будет обеспечен дополнительный сброс воды из Токтогульского водохранилища в объеме 330 млн м<sup>3</sup>. В связи с чем, Стороны достигли договоренности о том, что таджикская сторона будет осуществлять транзитный пропуск дополнительно сброшенной воды из Токтогульского водохранилища в вегетационный период т.г.

Также, стороны договорились, что помимо воды из Токтогульского водохранилища таджикская сторона готова осуществить дополнительный сброс воды из водохранилища «Бахри Точик» в июне-августе т.г. в объеме 315 млн м<sup>3</sup>. Вместе с тем, осуществление дополнительного сброса воды из водохранилища «Бахри Точик» может оказывать негативное воздействие на водозаборные сооружения, расположенные на водохранилище, в связи с чем в целях нивелирования вышеуказанного негативного воздействия на водозаборные сооружения таджикская сторона просит оказать материально-техническую помощь в виде горяче-смазочных материалов и спецтехники. В настоящее время данный вопрос прорабатывается в трехстороннем формате с участием Республики Узбекистан.

**Алишер Омирзак**

Алматинский филиал РГП "Казводхоз"



Түркістан облысы Кеңсай-Қосқорған су қоймасы

## ЖАҢА СУ ҚОЙМАЛАРЫ АРҚАСЫНДА ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕРДІҢ СУЫНА ТӘУЕЛДІЛІК АЗАЯДЫ

9 өңірде жалпы көлемі жылына 3,6 млрд текше метр болатын 39 жаңа су қоймасын салу жоспарланған. Биыл Түркістан облысындағы Кеңсай-Қосқорған су қоймасының құрылысы аяқталады.

Су қоймаларын салу 70 елді мекен үшін су тасқыны қаупін азайтуға, 394

мың га жаңа суармалы жерлерді айналымға енгізуге, ауыл шаруашылығында 129 мыңнан астам жұмыс орнын құруға, трансшекаралық өзендердің суына тәуелділіктен арылуға болады. Бұл 30%-ға дейін - Кыргызстан, 25%-ға дейін - Өзбекстан, 15%-ға дейін - Ресей Федерациясына тәуелділікті төмендетеді.

# В ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ УВЕЛИЧИВАЕТСЯ ПЛОЩАДЬ ОРОШАЕМЫХ ЗЕМЕЛЬ

**П**редставители РГП «Казводхоз» в Павлодарской области презентовали журналистам завершённые агропромышленные объекты.

Всего в Павлодарской области 58 тыс. га пашни. Есть комплексный план развития сельского хозяйства области. Завершён инвестиционный проект в Железинском районе Павлодарской области. Благодаря этому в следующем году ожидается, что площадь орошаемых земель увеличится до 3 тыс. га.

«Сейчас мы запустили этот объект. Как известно, в Железинском районе есть единственное крестьянское хозяйство - ТОО «Самрук и К». Туда

мы будем поставлять воду. Строительство этого объекта мы начали в прошлом году, сегодня закончили», - сказал директор Павлодарского областного филиала РГП «Казводхоз» Жумагелди Кожанов.

Для Куата Анафена, который посвятил четверть века своей жизни сельскому хозяйству, сегодняшний день отличается от обычного. Предприниматель получил субсидию для своего бизнеса. На поле планирует засеять зерновые злаки, картофель и другие культуры.

«Мы очень счастливы, потому что сегодня наступил долгожданный день. "Казводхоз" вовремя завершил строительство объекта, со следующего года его вводят в эксплуа-

тацию. Теперь, я думаю, что можем обеспечить работой около 50 жителей района», - сообщил Куат Анафен.

Вводимый в эксплуатацию объект работает с 4 водонасосными станциями, при этом одна водонасосная станция может перекачивать из реки Иртыш 400 м<sup>3</sup> воды в час. За сезон можно получить 2 000 900 м<sup>3</sup> воды. В целом в области реализуются 3 аналогичных инвестиционных проекта, благодаря им планируется расширить посевные площади региона. А это способствует выполнению задачи Президента по увеличению посевных площадей в стране до 3 млн га к 2030 году.

**Алишер Омирзак**

# ОНИ НЕСУТ ЖИЗНЬ НА ПОЛЯ И В ДОМА СТРАНЫ

**9 июля в Казахстане отмечается важный праздник - День работников водного хозяйства. На сегодня в этой сфере по всей республике верой и правдой трудятся тысячи специалистов, посвятивших свою жизнь такой важной профессии. О том, почему их работа так важна для страны, в интервью нашему изданию поведает Министр экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан Магзум Мирзагалиев.**

- Сегодня в Казахстане 1,6 млн га орошаемых земель. А это, прежде всего, рабочие места, продовольственная безопасность страны, - начал беседу Магзум Маратович. - Так что профессия водника почетна, тяжела, но очень важна, так как понятно, что без воды сложно решить вопрос с получением урожая и обеспечением населения продовольствием. Праздник отмечается в самый горячий сезон для водного хозяйства страны, в активный вегетационный сезон, когда у работников этой сферы абсолютно нет свободного времени, сейчас они работают практически круглые сутки по обеспечению водой населения и крестьянских хозяйств. Но все же мы проведем для всех водников страны торжественное собрание, которое, с учётом пандемии, пройдет в онлайн-режиме. Мы наградим особо отличившихся сотрудников, чтобы ещё раз подчеркнуть

важность для нас всех их работы и в целом этой профессии.

**- Важность воды растёт с каждым годом не только в нашей стране, но и по всему миру. Каков сейчас объём водных ресурсов в Казахстане?**

- Да, это так, объём речного стока в нашей стране в среднем колеблется в пределах 90-100 км<sup>3</sup>, в последние 3 года - на уровне 93 км<sup>3</sup>. При этом 60% данной воды обеспечивает местный речной сток и остальные 40% - наши трансграничные реки. Также общий объём водозабора для нужд населения и отраслей экономики составляет на сегодня около 25 км<sup>3</sup>. Из них на сельское хозяйство приходится 15 км<sup>3</sup> (65%), промышленность - 6 км<sup>3</sup> (30%) и коммунальное хозяйство - 1 км<sup>3</sup> (5%).



Исходя из того, что сельское хозяйство является основным нашим потребителем, одна из наших главных задач - удовлетворение нужд крестьян в воде. И здесь есть несколько направлений, по которым мы работаем.

Во-первых, мы тесно сотрудничаем с нашими соседями, в том числе с Кыргызстаном, Узбекистаном и Таджикистаном, Россией и КНР, по вопросам водной дипломатии.

Во-вторых, мы принимаем активные меры по минимизации потерь воды при ее транспортировке. Как известно, в Казахстане, наряду с каналами в земляном русле, а также облицованными, есть и каналы в неудовлетворительном состоянии. В прошлом году с помощью средств, выделенных нашим правительством, мы отремонтировали 813 километров каналов, а в этом году запланирован ремонт каналов протяженностью уже более 1000 км. Это даёт значительное снижение объемов потерь воды при транспортировке и, соответственно, лучший уровень водообеспечения в регионах.

Результативно решить эту задачу нам помогает и цифровизация наших оросительно-обводнительных каналов. Первый такой пилотный проект был реализован нами в прошлом году в рамках цифровизации магистрального оросительного канала К-19 в Мактааральском районе Туркестанской области. Его протяженность - 12 км. Канал обеспечивает поливной водой 328 сельхозтоваропроизводителей с площадью орошаемых земель 3628 га.

Проект показал прекрасные результаты, в частности, в результате цифрового учёта мы обнаружили, что непродуктивное потребление воды достигает 45%. В этом году мы

планируем оцифровать уже 16 каналов. И с каждым годом это число будет только расти. Кроме того, мы внедряем в работу так называемый кабинет водопользователя, когда есть возможность отслеживать в своем телефоне, сколько на данный момент уже употреблено воды и другие важные данные.

**- Какие ещё основные задачи нужно решить Министерству по водообеспеченности населения и водосбережению?**

- Мы также считаем важным для водообеспечения страны строительство водохранилищ. До 2030 г. в Казахстане планируется построить до 39 новых водохранилищ с общим объёмом накопления - 3,6 км<sup>3</sup>. Это позволит нам снять зависимость по воде от трансграничных рек до 30%, а также обеспечить поливной водой около 400 тыс. га новых орошаемых земель в стране. На сегодня по 32-м проектам водохранилищ начата реализация, также по одному проекту заканчиваем строительство. Уже этом году в период паводка нам удалось накопить около 5 млн м<sup>3</sup> воды. Строительство водохранилищ также снизит угрозу паводковых явлений для 70 населенных пунктов (137 тыс. человек), позволит создать более 129 тысяч рабочих мест в сельском хозяйстве.

**- За последние 2 года, насколько нам известно, Министерством была проведена большая работа по завершению долгостроев в сфере водного хозяйства. Остались ли ещё такие объекты?**

- Когда 2 года назад было создано наше министерство, то на тот момент в стране имелось 10 долгостроев в сфере водного хозяйства. Из них на сегодня мы завер-

шили 7 долгостроев. Буквально недавно, 2 июля, закончили 2-й этап строительства Пресновского группового водовода в Северо-Казахстанской области, что позволило обеспечить водой 17 сел с населением более чем в 12 тысяч человек. Общая протяженность данного группового водовода составляет 249 км. В итоге в этом году из всех долгостроев нам осталось завершить два водовода - "Эскулинский" в Карагандинской области и "Талап" в Кызылординской области.

**- Как на сегодня выполняется поручение Президента по доведению площади орошаемых земель до 3 млн га?**

- Конечно, нашим министерством активно ведётся работа в данном направлении. Так, в прошлом году мы ввели дополнительно 54 тысячи орошаемых гектаров земли, в этом году планируется введение уже 78 тысяч гектаров, что позволит вырастить дополнительно сельхозпродукции на 66 млрд тенге, а также создать 16 тысяч новых рабочих мест. Общий эффект от введения орошаемых



земель за последние 2 года составит около 100 млрд тенге в виде выращенной сельхозпродукции и 27 тысяч новых рабочих мест на селе. Таким образом, данное поручение Президента по вводу новых орошаемых земель является для нас очень важным, и мы активно продолжаем его выполнять.

**- Маловодье, особенно на юге страны, наблюдается уже несколько последних лет. Какая ситуация сейчас с орошением по республике?**

- Да, последние несколько лет в стране наблюдается цикл маловодья, но мы, несмотря на некоторые трудности, все же стабильно проходим этот период, принимая все необходимые меры для обеспечения водой потребителей. Как я отмечал ранее, наши специалисты сейчас работают в круглосуточном режиме, применяют различные инструменты для решения вопросов водообеспечения, в том числе организуют по договоренности очередность полива, используют водооборотное орошение с применением коллекторно-дренажных вод. То есть несмотря даже на праздник, наши водники сейчас круглые сутки несут свою службу на гидроузлах, гидростаях, водохранилищах, каналах.

**- Не секрет, что в водной сфере Казахстана работает немало семейных династий. Как Вы считаете, с чем это связано?**

- Думаю, прежде всего, с тем, что профессия водника в нашей стране является очень почетной, так как работники во-

дного хозяйства играют большую роль в повседневной жизни людей и в целом в сельском хозяйстве, в экономике Казахстана. Вместе с водой они несут жизнь на поля, в дома миллионов граждан республики. Я могу привести немало примеров семейных династий в сфере водного хозяйства Казахстана. Так, только в одном филиале "Есиль Су" РГП "Казводхоз" вот уже несколько поколений трудятся представители целых 7-ми семейных династий, в том числе семей Бабиных, Гудзенко, Лукьяновых, Шабаевых, Лютых, Москвиных, Партиных. А, к примеру, в Кызылординском филиале "Казводхоз" уже несколько десятков лет трудятся члены семьи водников - Арыстанбаевых - отец, сын и внук. Это операторы, машинисты, слесари-ремонтники, бухгалтера, руководители, слесари, диспетчеры, лаборанты, рабочие и т.д. Общий стаж работы в водной сфере всех членов некоторых таких семейных династий достигает более 100 и даже 120-ти лет! И это очень ценно для нас, так как из поколения в поколение, от родителей к сыну и дочке, и дальше - внукам и правнукам, передаются не только большой опыт и знания, но, прежде всего, любовь и уважение к этой непростой профессии, с которой сотни людей по всей стране связали всю свою жизнь и жизнь своей семьи.

**- Магзум Маратович, что Вы хотели бы сказать работникам водного хозяйства в их профессиональный праздник?**

- Прежде всего, я хотел бы пожелать нашим уважаемым водникам и их семьям крепкого здоровья, ведь именно на них держится решение многих вопросов по




водообеспечению граждан, сельского хозяйства, многих промышленных предприятий страны. Мы также желаем, чтобы этот непростой маловодный цикл как можно скорее прошел, и воды было достаточно для всех, без необходимости работать нашим водникам в усиленном режиме, 24/7, как сейчас.

Я хотел бы ещё раз отметить достойную, доблестную работу наших работников водного хозяйства, которые принимали и принимают все возможные меры для обеспечения всей страны водой. Несмотря ни на какие трудности, они стойко несут свою службу, оставаясь верными своей профессии и всем нам, их водопотребителям. Поэтому я желаю вам, дорогие коллеги, счастья, благополучия и дальнейших успехов в вашем непростом, но таком важном для всей страны труде! Ветеранам отрасли мы также выражаем большую благодарность за годы верной службы интересам страны.

**Гульсум Кунелекова**

# СУ - ТІРШІЛІКТІҢ НЕГІЗІ



Су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау, оларды болашақ ұрпақ үшін сақтау маңызды мәселе. Осынау қиын да қажырлы салада еңбек етіп қана қоймай, өз білгенін кейінгі ұрпаққа үйретуден жалықпайтын мамандар жетерлік. Солардың бірі әрі бірегейі - Қыпшақбаев Нариман Қыпшақбайұлы. Нариман Қыпшақбайұлы бүкіл республика бойынша су ресурстарын басқару мәселелерін терең білетін өз саласының майталманы. Ол 1974-1981 жылдары Қазақстан Республикасы Мелиорация және су шаруашылығы министрінің орынбасары және Қазақстан Республикасының суды пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы болды.

Ал, 1981 жылдан 1990 жылға дейін Қазақ КСР Мелиорация және су шаруашылығы министрі болып қызмет етті. Содан кейін 8 жыл бойы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің X-XI шақырылымының депутаты ретінде еңбек етті. 1990-1995 жылдары Су ресурстары жөнін-

дегі мемлекеттік комитеттің төрағасы, ҚР Үкіметінің мүшесі болды. Ол 1996 жылдан 2014 жылға дейін Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының ғылыми-ақпараттық орталығының қазақ филиалының директоры болып тағайындалды. Нариман Қыпшақбайұлы үнемі өңіраралық су ынтымақтастығының бастауында тұрды және қазір торқалы 90 жасқа жақындаса да осы салада ел игілігі үшін белсенді түрде жұмысын жалғастыруда.

Кәсіби мереке - Қазақстанның су шаруашылығы қызметкерлері күні қарсаңында ол су ресурстарының маңыздылығы және су жүргізушісі мамандығы туралы ойларымен бөліскен еді. «Бүкіл әлемдегі су ресурстарының құндылығының дәлелі - экономиканың бірде-бір саласы сусыз өмір сүре алмайтындығында», - деп бастады әңгімесін Нариман Қыпшақбайұлы.

Кез-келген аймақтың өркендеуін сусыз елестету мүмкін емес. Сондықтан су үнемдеу тұрғысынан ерекше әрі мұқият назар аударуды, басқарудың ең озық технологияларын енгізуді, есепке алуды және су ресурстарын қорғауды

қажет етеді. Сонымен қатар, әлемдегі тұщы судың көлемі тұрақты құндылық және оған деген сұраныс та жыл сайын халық пен экономиканың өсуіне байланысты артып отырады. Сондықтан кез-келген мемлекет болашақта су жеткілікті болу үшін бұл мәселемен үнемі айналысуы керек.

**- Бұл үшін қазіргі заманғы технологиялар туралы білімі бар, экономикалық және экологиялық тепе-теңдікті, су мәселесінің шешімін көруге қабілетті жан-жақты дайындалған кадрлар қажет, - деп жалғастырды сөзін Нариман Қыпшақбаев.**

- Өйткені, су айдындары өнеркәсіпті, энергетиканы, кеме қатынасын, ауыл шаруашылығын, халықты, экологиялық қажеттіліктерді сумен қамтамасыз етеді. Сондықтан еліміздегі университеттерде су саласы үшін кадрлар даярлау мәселесіне аса көңіл бөлгенін қалаймын. Бұл туралы университет ректорларына бірнеше рет айттым. Жас мамандар - еліміздің болашағы. Мен кадр әлеуетінің қаншалықты маңызды екенін білемін. Өйткені, бір кездері мен су ресурстарын басқарудағы алдыңғы қатарлы елдерді - Жапонияны, Американы, Германияны, Голландияны, Канаданы және т. б. аралап шықтым. Сол сапарларым мен осы саладағы сан жылғы тәжірибемде көз жеткізгенім - саланың дамуы үшін білімі мен білігі ұштасқан мамандарды тарту заман талабы. Мен қазір өзім жұмыс істеп жүрген Ғылыми-ақпараттық орталықта тәжірибем мен білімімді өз оқушыларыммен бөлісудемін. Оларды қолдауға, кеңес беруге, сұрақтарға жауап беру-

ге тырысамын. Мен максималистпін (күлімсіреді - Ред.) және өте талапшылмын. Мен жұмысқа да, су саласына да, басқа істерге де бірдей қарағанды ұнатамын. Өзге істерге көп көңіл бөліп, су саласын кейінге ысыруға болмайды, тепе-теңдік керек.

**- Қазақстандағы су мамандарының соңғы 30 жылдағы ең үлкен жетістіктері қандай деп ойлайсыз?**

- Өздеріңіз білетіндей, Қазақстандағы өзендердің жартысына жуығы трансшекаралық өзендер. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін республикамыз көршілес барлық елдермен, соның ішінде Қытаймен, Ресей Федерациясымен, Қырғыз Республикасымен, басқа да Орталық Азия елдерімен су ресурстары бойынша бірлесіп пайдалану және қорғау туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Сондай-ақ, біз су бойынша әр елдің үлесін анықтадық. Бұл біздің басты жетістіктеріміздің бірі. Тағы бір маңызды жетістік бар. Еліміздің басты байлығы - біздің халқымыз. Сондықтан, республиканың елді мекендерін, қалаларын сумен жабдықтау жөніндегі "Ақ бұлақ" бағдарламасын іске асыру жақсы шешім деп санаймын. Өйткені, адамдардың денсаулығы көбінесе ауыз судың сапасына байланысты. Тек содан кейін ғана өнеркәсіп, ауыл шаруашылық және т. б. маңызды болып табылады.

**- Нариман Қыпшақбайұлы, сіз өзіңіздің әріптестеріңізге - су саласының қызметкерлеріне кәсіби мерекеңіз қарсаңында қандай тілек айтқыңыз келеді?**

- БҰҰ бүкіл әлемдегі өмірдің негізі ретінде тұщы суға үлкен мән бере отырып, 1993 жылы 22 наурызды Дүниежүзілік су күні деп жариялады. Қазақстан да осы мәселенің маңыздылығын түсіне отырып, 2019 жылы Су шаруашылығы қызметкерлерінің күнін бекітті, содан бері ол жыл сайын 9 шілдеде аталып келеді. Бұл өте дұрыс шешім, өйткені тағы да қайталаймын, су мәселесіне үнемі назар аудару қажет.

Еліміздің барлық тұрғындары суды бағалап, оны дұрыс пайдалану қажет. Мысалы, су аз болған кезде біз бұрын түнгі суаруды ұйымдастырдық. Сондай-ақ, су шаруашылығы саласында сауатты жоспарлау, ауыл шаруашылығы дақылдарының көлемі мен сипаттамаларына, яғни әрбір тұтынушыға қарай суға қажеттілікті нақты есептеу маңызды. Жалпы, менде көптеген ұсыныстар бар, осы айтқандарым солардың негізгісі. Еліміз үшін маңызды осы мерекеде мен әріптестеріме ең алдымен, мықты денсаулық, амандық және еңбектеріне табыс тілеймін!

**Құралай Жұмахан**



# СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Тіршілік нәрінен тарыққан жұртың жан айқайына үнемі құлақ түретін су шаруашылығы қызметкерлері 9 шілде күні кәсіби мерекесін атап өтті. Биыл да дәстүрден жаңылмай бұл мерекені Экология министрлігі, «Қазсушар» РМК басшылығы елеусіз қалдырмады. Алайда пандемияға сәйкес zoom платформасы арқылы өткізуге тура келді. Оған ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев, экология министрлігінің Су ресурстары комитетінің төрағасы Нұрлан Алдамжаров, «Қазсушар» РМК Бас директоры Алтай Елжасов, сала ардагерлері қатысты. Десе де, қатаң карантин талаптарын сақтап, осы салада ерен еңбегімен көзге түскен кейбір қызметкерлер офлайн түрде мерекелік кештің куәсі болды.

Салтанатты шарада су шаруашылығының дамуына сүбелі үлес қосып жүрген қызметкерлер анықталып, ұлықталды. Олар «Дамудағы максималды прогресс», «Үздік өңірлік жоба», «Үздік инновациялық жұмыс», «Су саласын дамытуға үздік үлес қосқан», «Үздік экскаваторшы», «Үздік реттеуші», «Үздік жүргізуші», «Үздік гидротехник» аталымдары бойынша марапатталды.



**Министр Мағзұм Мырзағалиев пен Павлодар филиалының ардагері Ануарбек Тенизбаев**

Мәселен, сол «Дамудағы максималды прогресс» номинациясына лайықты деп «Қазсушар» РМК Павлодар облыстық филиалы танылды. Аталған филиал ауданы 732 га құрайтын «Самұрық суармалы алқабына 10 В желісімен және Приир-

тышский-Железин ауданына су таратқыш, 2 КТП құрылысын аяқтаған. Қалған 4 инвестициялық жоба бойынша жұмыстарды жүргізіп жатыр. Сол жобаларды іске асыру нәтижесінде Павлодар облысында суармалы жердің ауданы 17,5 мың га ұлғаятын болады. 3 мыңнан астам жұмыс орны құрылып, ал жалпы өнім жинау жылына 13 млрд.теңгеден астам сомаға 3 мың тоннадан астам өнім жинау жоспарланып отыр. Осы нәтежиелі инвестициялық жобалар бойынша Қазсушардың Павлодарлық филиалы аталған номинацияға лайықты деп танылды.

Ал «Үздік инновациялық жұмыс» аталымы Түркістан филиалына берілді. Өйткені аталған мекеме К-19 шаруашылықаралық каналында суармалы суды тұтынуы сандық есепке алу және су горизонтын автоматты түрде басқару бойынша пилоттық жобаны жүзеге асырды. Бұл арна фермерлер арасында суды тиімді бөлу үшін, су шығынын жедел сандық есепке алуды және көкжиекті автоматты басқаруды жүргізуге мүмкіндік беретін жаңа типтегі алғашқы кешенді автоматтандырылған арна болып табылады.



**«Үздік инновациялық жұмыс» аталымы Түркістан филиалына берілген сәт**

Бұл күні осы саладағы көлік жүргізушіден бастап, реттеуші, гидротехник мамандары елеусіз қалмады. Республика бойынша үздіктері анықталды.



**«Үздік жүргізуші» Джанасбаев Қалдыбек Мамбетұлы**

Ғұмырының 15 жылын көлік жүргізуге арнаған Қалдыбек Жанысбаев үздіктердің қатарынан көрінді. Ол «Қазсушар» Жамбыл филиалында 2006 жылдан бастап автокөлік жүргізушісі қызметін атқарып келеді. Осы уақыт ішінде өзін ісіне жауапты, ұқыпты жүргізуші ретінде көрсеткен. Бүгінде ұжымға сыйлы, абыройлы, құрметке ие. Қандай қиын жағдай болмасын өзінің тәжірибесімен филиалдың алға қойған мақсатына жету жолында үлесін қосып келеді. Сол себептен «Үздік жүргізуші» номинациясына лайықты деп танылды.

Ал «Үздік реттеуші» аталымы Дулат Молдахметовке берілді. Ол 30 жылдан астам уақыт бойы Қызылорда облысы Жалағаш ауданының су шаруашылығы жүйесінде қажырлы еңбек етіп келеді. ПК-420 Магистральды каналының сол жағалауын абаттандыруға және көгалдандыруға үлесі ұшан-теңіз. Әріптестері Дулат Зарлықұлын әрдайым көмек көрсетуге, қажет уақытта кеңес беруге дайын екенін атап өтті.







**Су ресурстар комитетінің төрағасы  
Нұрлан Алдамжаров**

«Үздік гидротехник» номинациясы Бейбіт Исаевқа бұйырды. 1983 жылы Алматы гидромелиоративті техникумын тәмамдап, сол жылы «Панфилов суару жүйелері басқармасы» кәсіпорнында су шаруашылығы бөлімінде аға техник лауазымында еңбек жолын бастады. 1997 жылы сол жерде су пайдалану бөлімінің басшысы болып тағайындалды. Бүгінгі күнге дейін Панфилов ауданының су шаруашылығының дамуына үлес қосып жүр. Жастарды тәрбиелеп, мықты мамандардың қатарын толықтырып келеді. Салтанатты шарада Бейбіт Исаевты министр Мағзұм Мырзағалиев марапаттады.



**Су ресурстар комитетінің төрағасы  
Нұрлан Алдамжаров пен "Қазсушар"  
РМК Бас директорының орынбасары  
Ерболат Беркинбаев**

«Үздік өңірлік жобаны» «Есіл су» филиалы жеңіп алды. Ал «Үздік экскаваторшы» номинациясы «Қаныш Сәтпаев атындағы канал» филиалының қызметкері Юрий Малахов қанжығасына байлады. «Қазсушар» РМК Батыс Қазақстан филиалы «Су саласын дамытуға үздік үлес қосқаны» үшін үздік деп танылды.

Салтанатты шарада министр Мағзұм Мырзағалиев барлық қызметкерлерді құттықтап, алдағы жұмысқа сәттілік тіледі. Айта кетейік, еліміз бойынша кәсіби мереке осымен үшінші жыл қатарынан аталып өтті.



**Үздік экскаваторшы  
Юрий Малахов**



**Суретте "Қазсушар" РМК Бас директоры  
Алтай Елжасов пен су шаруашылығының  
ардегі Алексей Баталов**



**Министр Мағзұм Мырзағалиев су шаруашылығы  
ардагерлерін құттықтау сәті**



**"Су саласын дамытуға үздік үлес қосқаны үшін"  
«Қазсушар» РМК Батыс Қазақстан филиалы**

**Аслан Жеңісұлы**

# ӘДІЛ, ЖҮРЕГІ ТАЗА ЖАНДАРДЫҢ КӘСІБІ



КЕҢЕС ЗАМАНЫНДА МЕЛИОРАТОРЛАР КҮНІ БОЛҒАНЫ БЕЛГІЛІ. 1976 ЖЫЛЫ КСРО ЖОҒАРЫ КЕҢЕСІНІҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН БЕКІТІЛГЕН БҰЛ КӘСІБИ МЕРЕКЕ МАУСЫМНЫҢ БІРІНШІ ЖЕКСЕНБІСІНДЕ АТАЛЫП ӨТІЛІП ЖҮРДІ. КЕҢЕС ҮКІМЕТІМЕН БІРГЕ ОСЫНАУ АТАУЛЫ КҮН ДЕ ҚҰРДЫМҒА КЕТКЕН ЕДІ. БЫЛТЫР 9 ШІЛДЕДЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ӨЗДЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕЛЕРІН АЛҒАШ РЕТ ТОЙЛАДЫ.

## «Су патшасы-мұрап, түн патшасы-шырақ»

Өткен жылы дәм-тұз бұйырып, еліміздің оңтүстік өңіріне жолымыз түскен еді. Жол-жөнекей бір Түркістандық бауырымыз әңгіме арасында еліміздегі кәсіби мерекелер тізімі Су шаруашылығы қызметкерлерінің күнімен толыққанын айтты. Сол кезде «Бізбен салыстырғанда жердің, судың қадірін жете біледі ғой, олар үшін бұл мереке маңызды шығар» деп ойлап қойғанбыз.

«Ас атасы – нан» немесе «Нан болса, ән де болады» дейміз. Иә, тағамдардың ең қажеттісі – нан. Тіршіліктің арқауына айналған ас атасының қадір-қасиеті, тіршілікте алар орны ерекше. Ал енді су болмаса, сол қасиетті нан, оның бастауындағы астық шыға ма? Сусыз адам өмір сүре ала ма? Соңғы кезде

әлем ғалымдары тамақ түрлеріне, жанар-жағармайға балама болатын нәрселерді ойлап тауып жатыр. Ал суға балама болатын не бар? «Су – тіршілік көзі» деп жай айтыла салмаса керек, - деді біздің ойымызды оқып қойғандай. Бұл сөздің санамызға сәуле түсіргені сонша, судың да, су шаруашылығының да, осы сала қызметкерлерінің де Қазақ елі, жалпы адамзат үшін маңызының қаншалықты зор екенін түсінгендей болдық.

«Су патшасы – мұрап, түн патшасы – шырақ» деген мақалды да Түркістан жақтан естідік. Мұрап (мираб сөзі араб, парсы тілдерінен тәржімалағанда судың әмірі дегенді білдіреді екен) бағзы заманнан бері ең құрметті мамандықтың бірі болып саналатын көрінеді. Шығыс халықтарында бұл қызметті әділ, жүрегі де, қолы да, жолы да таза адам атқаратын болған. Кейбір елдерде

мұрапқа егіс біткенді тексеру де жүктелген. «Мұраптың ізінде қалған суды ішуге болады» деген қанатты сөзден де бұл кәсіп иелерінің ар тазалығын, адалдығын, ысырапқа жол бермейтін жандар екенін көруге болатындай.

## Ықсановтың батасын алған азамат

Мұндай әділ де адал кәсіп иелері біздің өңірімізде де жоқ емес. Солардың бірі – облысымызға танымал су шаруашылығының маманы Шынболат Ермағамбетов. «Қазсушар» РМК-ның облысымыздағы бөлімшесінің бас гидротехнигі болып қызмет ететін ол ғұмырының қырық жылға жуық уақытын осы салаға арнаған.

- Мектеп бітірер тұста инженер болсам деп армандадым. Оған нағашы ағам

әсер етті. «Ауылдан шыққан баланың көбі зоотехник пен агроном болады. Инженер аз, соған барсаң қалай?» деп бұл мамандықтың қыр-сыры туралы айтып мені қызықтырып қойды. Содан мектеп бітірген соң Жамбыл қаласындағы гидромелиоративтік құрылыс институтына оқуға түстім. Инженер-гидротехник мамандығын алып, туған жеріме, Тайпақ ауданының Есенсай ауылына келсем, кеңшарда бұл штат бойынша орын жоқ екен. Содан бұрынғы Ақжайық ауданының Восход кеңшарына жұмысқа тұрдым. Мұнда дәл бір жыл жұмыс істедім. Сол кездегі облыс басшысы Мұстақым Ықсанов Восходқа келмесе, кеңшарда әрі қарай қызмет ете берер ме едім, кім білсін?!

1979 жылы далада суармалы агрегаттарды реттеп жүргенімде «Директор тез келсін деп жатыр» деген хабар келді. Үстімдегі жұмыс киімімді шешпестен, шағын тракторыма отырып, кеңшарға бардым. Барсам, кеңшардың орталық көшесінің бойында бір топ кісі жүр. Сұрап білсем, облыстың бірінші хатшысы М.Ықсанов облысымызға жұмыс сапарымен келген екен. Бір уақытта кеңшар директоры мені Мұстақым Біләлұлына таныстырды. Үсті-басымды шолып өтіп «Сен бе гидротехник?» деп сұрады. Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтын бітіргенімді айтып едім, сұрақтың астында қалдым. Кеңшарда егілетін көп жылдық шөптердің атауларын, олардың қорегін, өнімділігін, суармалы техникаларды пайдалану, жөндеу турасында сұрап, шағын тәжірибелік емтихан алды десе де болады. Білгенімше жауап бердім. Әр алқаптың басында

шөптерді суару, қоректендіру бойынша тиісті тақтайшалар орнатқанымды естіп, арнайы барып көрді. Содан соң қасында жүрген облыстық мелиорация және су шаруашылығы басқармасының бастығы Әлібай Бимұрзаевқа қарап «Сен маман жоқ дейсің, мамандарың трактор айдап ауылда жүр ғой» деді. Сол жерде Бимұрзаев маған «құда түсті»... Осылайша Мұстақым Біләлұлы Ықсановтың бір ауыз сөзінің нәтижесінде осы басқармаға келдім, - дейді Шынболат Ермағамбетов.

Бүгінде пайғамбар жасына жеткен кәнігі маманды су шаруашылығына қатысты көптеген жайт мазалайды. ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы, қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында XXI ғасырдың 10 жаһандық сын – қатері туралы баяндағаны аян. Соның төртіншісі – су тапшылығына қатысты.

- Елбасымыз Жолдауда сумен қамтамасыз ету проблемасы біздің елімізде де өткір тұрғанына, сапалы ауыз су жетіспейтініне, бірқатар өңірлер оның зардабын қатты тартып жатқанына тоқталған. Траншекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалануда бірқатар мәселелермен бетпе-бет келгендігімізді де мәлімдейді. Сол себепті бізге көрші Қырғызстан, Өзбекстан елдері секілді Су шаруашылығы министрлігін құратын уақыт жеткен сияқты, - дейді Шымболат ағамыз. Арнайы министрлік болмаған соң қазір бұл бағыттағы құрылымдар азайды, қалған мекеме-кәсіпорындар-

дағы штат саны қысқарды. Мәселен, өңіріміздегі Жайық – Каспий бассейндік инспекциясын алайық. Бұрын арнайы зертханасы, гидрометр, гидролог секілді мамандары болды. Қазір олардың бәрі жоқ. Сол себепті келіп жатқан судың көлемін, құрамын анықтау, суды қорғау, реттеу бағытындағы жұмыстар ақсауда. Бұрын аталмыш мекемеде 50-ден астам қызметкер болса, қазір 1 адам. Сондағы мамандар әр өзеннің гидрологиясын бағамдап, күзде тексеру жүргізіп, қай жерде заңсыз салынған бөгеттер болса, оларды бұздыратын. Қазір мұндай іспен айналысатын ешкім жоқ. «Қазсушар» РМК-ның оны қарауға құқығы жоқ әрі оның міндетіне кірмейді. Біз – шаруашылық жүргізу құқығындағы мекемеміз. Негізгі міндетіміз – теңгеріміміздегі су арнасы, су қоймасын күтіп, баптау, дұрыстап ұстау, көктемгі су тасқынын апатсыз өткізу, суды жинау, сол суларды көлтабандарға, жайылымдарға шығару. Сосын жазғы, күзгі, қысқы мерзімдерде сумен қамтамасыз ету.


Айта кетейік, «Қазсушар» РМК БҚ филиалының 11 пайдалану, 3 өндірістік учаскелері бар. Суармалау-суландыру жүйесінің құрамына 14 су қоймасы, 4 су торабы, 1 сорғы бекеті, 50 үлкен гидротехникалық имарат, 915,64 шақырым магистралды және таратушы каналдар, 26 өндірістік және қызметтік ғимараттар енгізілген.

### Жайықтың жайы мүшкіл

Ақ Жайықтың танымал мұрабымен әңгімелесе отырып, облысымыздағы

биылғы су мәселесіне қатысты түйткілдерді де айналып өткеніміз жоқ.

- Иә, былтыр және биыл батысқазақстандықтарды сумен қамтамасыз етуде күрделі мәселе туындап отыр. Өңіріміздің басты су артериялары – Жайық, Қара және Сары өзендеріне тасқын судың жөнді түспеуі салдарынан су тапшылығы орын алуда. Әсіресе, Жайықтың өңіріміздің халық шаруашылығы үшін маңызы зор. Өзен алқабында батысқазақстандықтардың үштен екі бөлігі тұратын 87 елді мекен орналасқан. Жайық өзеніндегі биылғыдай су тапшылығы 1697 жылдан бері болған емес. Жайықтың экологиялық ахуалы да қиын. Өзен арнасы лайланып, жағалық сызығы бұзылған, жайылма өсімдіктері деградацияға ұшырап, биологиялық әр алуандығы азайған.





Өзен жағдайының нашарлауы оны жағалай қонған елді мекендердің әлеуметтік – экономикалық жағдайына айтарлықтай кері әсерін тигізуде. Бүгінгі таңда Ирикла су қоймасынан судың жіберілу мөлшері секундына 25 текше метрді құрайды. Бұл өте аз. Егер осылай жалғаса беретін болса, өңіріміздің ауыл шаруашылық саласы үшін апатты жағдай туындауы және Жайық – Көшім суландыру жүйесіндегі су тоғандарындағы балықтың өлуіне әкелуі мүмкін. Соған орай облыс басшылығы тарапынан ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министріне, Орынбор губернаторына хаттар жолданды. Бұл хаттарда Ирикла су қоймасынан келетін су мөлшерін көбейту туралы жазылды. Яғни, 5 шілдеден 5 қыркүйек аралығында судың жіберілуін секундына 90 текше метрге дейін көбейту ұсынылып отыр. Айта кетейін, ұзындығы 76 шақырымды құрайтын бұл су қоймасының сыйымдылығы – 3 млрд. 257 млн. текше метр. Ал өңіріміздегі 4 су қоймасының көлемі 260 млн. текше метр. Яғни, біздің қоймалардағы судан бөлек, оған 3 млрд. текше метр су сыяды. Салыстыру үшін айтсақ, біздің Шалқар көлінің бұрынғыдай суы толып тұрғаннан 1,5 еседей көп деген сөз. 1 шілдедегі мәлімет бойынша бұл қоймада жинақталған су мөлшері 3 млрд. текше метрге жуық. Егер екі ай аралығында біз сұраған мөлшерде су жіберетін болса, қоймадан 474 млн. текше метр су шығындалады екен. Яғни, көлемінен көп ауытқымайды.

Қара және Сары өзендердің облысымыздың оңтүстік аудандары тұрғындары үшін маңызы зор. Осы жақтағы

халықтың қажеттіліктерін қамтамасыз ету, жерді суландыру, экологиялық тепе-теңдікті сақтау үшін Еділ өзенінің суына деген ең төменгі қажеттілік жылына 107 млн. текше метрді құрайды. Биыл Еділ суын насос станциялары арқылы беруге жұмсалатын шығынды өтеу үшін республикалық бюджеттен 1 964,5 млн. теңге бөлінді. Оның ішінде Үлкен және Кіші өзендерге су беруге 1 439,0 млн. теңге, Волгоград облысынан Жәнібек жүйесіне су айдауға 525,5 млн. теңге қаралды. Бұл қаражатқа 80,3 текше метр су алуға болады. Жетіспейтін су көлемін толтыру үшін қосымша 999,1 млн. теңге қаражат керек. Соған орай осындай көлемде қаржыны республикалық бюджеттен бөлу жөніндегі өтініш құзырлы құрылымдарға жолданды. Бұл ұсынысымыз оң шешімдерін табады деп үміттеніп отырмыз.

Осы сәтті пайдаланып әріптестерімді кәсіби мерекемен құттықтағым келеді. Халықтың әл-ауқаты мен өмір сапасының жақсы болуы су шаруашылығының дамуымен тығыз байланысты. Ел экономикасының маңызды саласының бірі болып табылатын су шаруашылығында еңбек етіп жүрген жандар Отанымыздың экологиясына, азық – түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге де үлестерін қосуда. Бұл жолдағы қажырлы еңбектері, өз ісіне адалдықтары, туған жерге деген сүйіспеншіліктері үшін алғыс айтамыз, - дейді Шынболат Ермағамбетов.

**Шынболат Ермағамбетов**

# АКТУАЛЬНЫЕ СОВЕТЫ ПО УЛУЧШЕНИЮ ЭКСПЛУАТАЦИИ ВОДОХОЗЯЙСТВЕННЫХ И ГИДРОМЕЛИОРАТИВНЫХ КАНАЛОВ

**Д**ля улучшения качества услуг по подаче поливной воды водопользователям определяющую роль играет квалификационный уровень работников предприятий. Это важно, т.к. научно-технический прогресс и инновации постоянно развиваются. Примером является «цифровизация». Для результативности проектов «цифровизации» важно, чтобы связанные с ним эксплуатационные вопросы решались грамотно. С учетом этого, в настоящей статье, на основе анализа научных трудов ученых, международного опыта, в виде советов, даны ответы-пояснения на вопросы, возникающие в ходе эксплуатации водохозяйственных и гидромелиоративных объектов. Они следующие.

## **Ожидаемые результаты «цифровизации» учета воды на водохозяйственных и оросительных каналах и меры влияющие на ее результативность.**

«Цифровизация» гидростов позволяет в реальном режиме времени управлять распределением воды из систем магистральных каналов (магистральные каналы и их распределители) путем передачи информации диспетчерам, а это позволит им: а) вести контроль за режимом работы каналов; б) прини-

мать оперативные меры по управлению водопользованием и выполнением оперативных графиков водоподдачи. Это безусловно сыграет положительную роль в формировании новой культуры водопользования и нормированного орошения, новой традиции водных отношений.

Ожидаемые результаты от «цифровизации» гидрометрии во многом зависят от уровня качественного выполнения (своевременность, правильность и др.) следующих общепринятых мер: а) составление планов водораспределения и водопользования, их корректировка, с учетом водности источника орошения; б) регулярное составление подекадных оперативных графиков водоподдачи на основе заявок водопользователей; в) создание и улучшение деятельности диспетчерской службы с подготовкой к работе с «цифровыми технологиями», с введением должности по информационным технологиям; г) улучшение штатов линейных эксплуатационных служб (ЛЭС) по ЭИТС включением в состав специалиста по автоматизации на основе норматива не только для гидростов с «цифровизацией», но и в целом всех каналов (недопустим неукомплектованный и необученный штат),

что важно для выполнения оперативных заданий и команды диспетчерской службы; д) обеспечение диспетчерских служб и ЛЭС инструкциями ЭИТС гидростов и оборудования «цифровизации».

Следовательно, эксплуатирующей организации для повышения эффективности «цифровизации» водоучета целесообразно принимать самые оперативные и пунктуальные меры по улучшению выполнения вышеотмеченных мер.

Для повышения эффективности «цифровизации» гидрометрии эксплуатирующей организации важна также оптимизация своих функциональных задач с учетом международного опыта. В этом направлении на сегодня актуальным является адресная передача сельскохозяйственным кооперативам функции эксплуатации (организации и проведения водораспределения на уровне оросительных каналов) оросительных каналов/систем. Для этого, необходимо внести соответствующие изменения в существующие законодательно-нормативные документы. Данный вопрос с анализом и с конкретными предложениями подробно изложен в Журнале Водное хозяйство Казахстана №4(89)2020г.

**Необходимость правильного применения терминов и понятий в письмах, проектных производственных и финансово-экономических документах.**

Это важно, так как каждый термин на практике – это суть и содержание комплекса мероприятий, который имеет физические объемы и финансовые стои-

мости, каждый термин и понятие имеют начало из научных трудов.

Например, понятие «эксплуатация». Слово «эксплуатация» в переводе от французского означает «использование». Поэтому, когда речь идет об эксплуатации объектов часто спрашивают, а где вопросы технического содержания и т.д. В международной практике (Тэйлор и др.) применяют выражения «эксплуатация и техническое обслуживание» (ЭИТО). Такое разграничение важно для конкретизации планов работы, функциональных задач, правильного финансирования, а также для специализации работников ЛЭС, т.е. для правильного распределения их обязанностей и ответственности, повышения профессионального умения и мастерства. Актуальность такого подхода возрастает по мере развития науки и инноваций. По мере специализации ожидается повышение эффективности мер по улучшению качества услуг водоподающей организации, продуктивности водных ресурсов и усовершенствованию технического состояния объектов эксплуатации.

Следовательно, в водохозяйственной и гидромелиоративной практике необходимо принимать меры по правильному использованию терминов и понятий. Вместо общего понятия «эксплуатация» следует применить по международному опыту и опыту других отраслей в Казахстане (гидроэнергетика и др.) более конкретные термины и понятия, как «производственная эксплуатация», «техническая эксплуатация», «техническое содержание», «техническое обслуживание». Соблюдение такой градации важно не только для улучшения практики

ЭИТС, но и для более специализированной и углубленной подготовки специалистов и рабочих профессии.

**Правильное применение КПД технологии поливов и каналов при планировании лимита и плана водопользования – основа для рационального водораспределения и водопользования.**

Использование при планировании водопользования КПД технологии полива и проектных КПД каналов ниже нормативных и проектных может привести к: а) завышенным лимитам водозабора, увеличению доли «водозабора на орошение» в водохозяйственном балансе; б) завышенному объему водоподачи в головной оросительный канал, сверхдопустимого, что приводит к переполнению канала, переливанию воды через откосы, вызывая вымывание и просадку грунта под облицовкой, деформации и разрушения облицовки; в) снижению тарифа, меньшему сбору «платежей», даже при 100% оплате фермерами услуг вододателя; г) снижению стимула у фермеров по улучшению технологии полива и соблюдению круглосуточного графика полива; д) ухудшению возможности по улучшению ЭИТС и снижению результативности цифровизации водоучета.

Следовательно, при планировании водозабора, водораспределения и водопользования необходимо использовать нормативные КПД технологии полива, КПД оросительной системы и КПД магистрального канала с межхозяйственными распределителями.

Нормативные КПД технологии поли-



ва (поле), с учетом уклона поля и механического состава почвы следует принимать по СНиПу, по техническому паспорту поливной техники или по рекомендациям КазНИИВХ, где записано КИВ, хотя их значения соответствуют КПД технологии полива.

КПД оросительной системы/оросительного канала и КПД систем водохозяйственных каналов (магистральные каналы с межхозяйственными распределителями) принимают проектные значения по их техническим паспортам.

**Влияние реконструкции каналов на сокращение потерь водных ресурсов и поливной воды, а также экономии водных ресурсов.**

При реконструкции оросительных каналов могут быть два случая с фактическим КПД: а) доведение до прежнего проектного КПД; б) увеличение до нового проектного уровня КПД, т.е. выше чем прежний проектный КПД. Пример (табл.1): в первом случае - КПД канала повышается до прежнего проектного уровня - 0,80, во втором случае - КПД канала повышается до 0,90.

Табл. 1. Пример расчета для оценки влияния различных проектов реконструкции на сокращения водозабора из источника орошения

Варианты	Оросительная норма- брутто поле, м <sup>3</sup> /га	КПД *ОС (по паспорту)	Оросительная норма брут-то-*ОС	КПД *мк и мхк	Оросительная норма-брутто МК и МХК	Сокращение водозабора из реки в расчете на 1 га, м <sup>3</sup> /га	То же, на 100 тыс.га, млн м <sup>3</sup>
До проекта изношенная система)	7300	0,8	9125	0,8	11406	0	0
Проект реконструкции без модернизации	7300	0,8	9125	0,8	11406	0	0
Проект реконструкции с модернизацией	7300	0,85	8588	0,9	9542	1864	186,40

В обоих случаях реконструированных каналов, создаются конструктивные условия для сокращения потерь воды и доведения водообеспеченности полей до нормативных уровней. Однако, сокращение водопользования и водозабора при прочих равных условиях - во втором случае (новый проектный КПД = 0,90, что выше прежнего проектного КПД=0,80).

Следовательно, проекты реконструкции каналов и сооружений на них должны

сопровождаться модернизацией (улучшение их конструкции, внедрений «цифровизации» и др.). У таких проектов новые проектные КПД каналов будут выше чем прежние проектные КПД, а это конструктивные условия не только для сокращения потерь воды и улучшения водообеспеченности посевов, но и для сокращения водозабора.

Достижение проектных результатов после проекта зависит от уровней их ЭИТС (табл. 2).

Табл. 2. Влияние уровней ЭИТС на достижение проектных показателей (сокращение потерь воды, повышение водообеспеченности полей, сокращение водозабора)

Варианты	Уровни ЭИТС каналов	Водозабор в МК, м <sup>3</sup> /га	Поступает из МК и МХК в ОС, м <sup>3</sup> /га	Поступает в поле из ОС, м <sup>3</sup> /га	Сокращение потери воды из каналов, м <sup>3</sup> /га	Сокращение потерь из каналов, м <sup>3</sup> /га	Водообеспеченность поле, м <sup>3</sup> /га	Сокращение водозабора из реки в МК, м <sup>3</sup> /га
Реконструкция без модернизации	слабая	11406	8098	5345	1564	73,2	73,2	0
	хорошая	11406	8897	6940	3158	95,1	95,1	0
Реконструкции + модернизация	слабая	9542	8016	5851	3934	80,2	80,2	1864
	хорошая	9542	8588	7214	5297	98,8	98,8	1864

Проектные показатели могут остаться не достигнутыми при слабом уровне ЭИТС (табл.2). К надлежащему ЭИТС нужно начинать готовиться заблаговременно, например, не позднее даты подписания контракта с подрядчиком. В чем суть такой подготовки? Это, во-первых, укомплектование штата линейной эксплуатационной службы (ЛЭС) по нормативным и проектным условиям; во-вторых, обучение работников ЛЭС умелому выполнению своих функциональных обязанностей; в-третьих, материально-техническое обеспечение ЛЭС, включая транспорт, формы специальной одежды, инструменты, в соответствии нормативным требованиям.

#### Использование на практике коэффициента использования воды (КИВ).

Рассмотрение вопроса начнем с КПД поле. КПД поле – это КПД технологии полива, который учитывает потери воды из-за особенности технологии полива, а также почвы и уклона поле. Нормативные КПД технологии полива различные (в зависимости от отмеченных факторов): полива по бороздам - 0,70-0,90 (дождевание - 0,80-0,90, капельное орошение - 0,90-0,95. При планировании КПД технологии полива принимают по СНиПу и рекомендациям КазНИИВХ.

КИВ более хозяйственный и эксплуатационный показатель. КИВ - комплексный показатель оценки хода и итогов плана водопользования, учитывает культуру земли - и водопользования, соблюдение режима орошения, техническое состояние каналов и др. Тем не менее, КИВ не может заменить КПД, также КПД не может заменить КИВ. Каждый из них имеет свое назначение. Если нормативное значение КПД технологии полива в пределах 0,70-0,95, то у КИВ=0,95-1,05.

**КИВ рассчитывают следующим образом:**

КИВ поле = ВПпп/ВПвв,

ВПпп - выполнение плана поливов (покрытие поливами) на запланированной площади;

ВПвв - выполнение плана водоподачи.

КПД используются при проектировании технологии полива, оросительных и водохозяйственных каналов, планировании лимитов водозабора и водопользования.

КИВ следует использовать для оценки выполненного плана водопользования, а именно для мониторинга хода выполнения планов водораспределения и водопользования, а также для повышения результативности «цифровизации» и других мер по улучшению технического состояния и эксплуатации, выявления и анализа проблем, сдерживающих эффективность этих мер.

Некоторые правила, соблюдение которых имеют заметное значение для

длительного сохранения технического состояния, достигнутого в результате ремонта и реконструкции.

**Правило первое.** В первый сезон после ремонта/реконструкции (например, объекты ПУИД-2) необходимо обеспечение правильного режима расхода воды, особенно важно не допустить переполнение канала. Необходимо соблюдать, чтобы максимальный расход был не более 85-90% максимально допустимого проектного расхода ( $Q_{\max}$ . пр.доп), а минимально допустимый расход воды - не менее 40%  $Q_{\max}$ . пр.доп.

**Правило второе.** Наполнение и опорожнение каналов должно быть постепенным. Затвор при пуске воды в канал нужно открывать плавно и поэтапно: а) на крупных каналах сначала на 10%; б) при пуске воды в оросительные каналы на 20%, далее открывают через каждые 2 часа на эти же величины, до достижения нужного расхода воды. Закрытие затвора, в обратном направлении, выполняются также плавно и поэтапно.

**Правило третье.** Для оперативного завершения поливов, подвешенных к каждому каналу, водоподачу следует организовать сосредоточенным током, для этого воду, применяя метод водоборота, из старшего канала распределяют не на все младшие каналы малым (заиливающим) расходом, а только на 30-50% каналов расходами не ниже 40% максимального расчетного расхода.

**Правило четвертое.** Если магистральные каналы и их распределители в оросительные периоды функционируют

непрерывно или с небольшими перерывами, то оросительные каналы (особенно младшие: групповые и участковые) с перерывами в межполивные периоды (по 8-10 суток), т.е. они в этот период будут без воды. Это хороший шанс для ЛЭС осмотреть канал и провести техническое обслуживание (заделка трещин и промоин, уплотнение швов и стыков, очистка от наноса, скашивания, регулировочные и смазочные работы и др.).

**Правило пятое.** Эксплуатирующей организации на генплане необходимо районировать поливные нормы и продолжительности полива по участкам, подвешенным к каждой точке водовыдела (ТВВ) по подаче воды в временные оросители, с учетом уклона поле и механического состава почвы, состояния грунтовых вод (глубина и минерализованность).

**Правило шестое.** Эксплуатирующей организации в условиях наличия засоленных земель необходимо также иметь карты: а) засоления почвы; б) уровней залегания и минерализации грунтовых вод; в) план-график работы СВД. На основе них необходимо выявлять участки, где требуется промывка, а где нет, а также определить промывочные нормы, сроки и продолжительность водоподачи.


**Толбай Кененбаев**







Станция очистки воды Майского группового водопровода



Открытие Майского группового водопровода с участием Министра, 2020 год

# ЧЕЛОВЕЧЕСТВУ ВАЖНО НЕ ТОЛЬКО ИМЕТЬ ДОСТУП К ПИТЬЕВОЙ ВОДЕ, НО И СОХРАНЯТЬ ЕЕ БЕСЦЕННОЕ БОГАТСТВО

ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ КАЧЕСТВЕННОЙ ПИТЬЕВОЙ ВОДОЙ ФОРМИРУЕТ ЗДОРОВУЮ НАЦИЮ И ОБРАЗОВАННУЮ РАБОЧУЮ СИЛУ, КАК ВАЖНЕЙШИЕ ФАКТОРЫ СТАБИЛЬНОГО РОСТА В СОЦИАЛЬНОЙ, ЭКОНОМИЧЕСКОЙ И ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ СФЕРАХ. НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ В КАЗАХСТАНЕ БОЛЕЕ 80 ПРОЦЕНТОВ НАСЕЛЕНИЯ ОБЕСПЕЧЕНЫ ЧИСТОЙ ПИТЬЕВОЙ ВОДОЙ.

На сегодняшний день РГП «Казводхоз» эксплуатируется 37 групповых водопроводов, обеспечивающих круглосуточную и бесперебойную подачу питьевой воды в 603 СНП с охватом населения в количестве более 1,1 млн человек.

Главное направление деятельности – это исполнение поставленной государством стратегической задачи по обеспечению качественной питьевой водой населения в режиме 24 часа в сутки, надежная эксплуатация групповых водопроводов.

С 2016 по 2020 годы реализован 21 проект, который обеспечил чистой питьевой водой 290 СНП численностью 640 тыс. человек. Так, в течение 2019 года было построено 673 км, что позволило ввести в эксплуатацию 5 объектов - долгостроев, строительство которых длилось от 7 до 10 лет. В результате улучшено водоснабжение в 39 СНП с численностью населения 116 тыс. человек.

Следует отметить, что в целях повышения уровня жизни населения и достижения целевых индикаторов

активно и в установленные сроки реализуются проекты по строительству и реконструкции объектов водоснабжения и водоотведения. Таким образом в текущем 2021 году также планируется завершение нескольких проектов долгостроев, которые значительно улучшат условия жизни для населения. Доступ к водным ресурсам является важным фактором жизнеобеспечения любого государства. Человечеству важно не только иметь доступ к питьевой воде, но и сохранять ее бесценное богатство.

**Айгерим Агжанова**

# “ҚАЗСУШАР” РМК БҚФ БӨКЕЙ ОРДАСЫ ӨНДІРІСТІК УЧАСКЕСІ”



**Махамбет Кенжеғалиев: «БАРДЫҢ БАҒАСЫН БІЛЕЙІК!»**

– Сұхбатымыздың бисмилласын аудандағы су қорының мөлшерінен бастасақ. «Аймекеннің суы 27 жылға дейін жетеді екен. Ысырапшылық пен тұтынушының көптігінен Аймекеннің суы мерзімінен бұрын түгесілгелі тұр. Аймекеннің су қоры күннен-күнге азайып, орман сусыздықтан селдіреп қалды. Қарағай біткен сұлап түсіп жатыр» деп ел аузындағы сөздің негізі бар ма?

– Бірден кесіп айтсам, су қоры 27 жылға ғана есептелген, 27 жылдан кейін ауданда су тапшылығы орын алады деген қате түсінік. «Жайық гидрология»

АҚ 2013 жылы су мөлшерін есептеу шараларын жүргізді. Мұндай есептеу, нақтылау жұмыстары жиырма жеті жылда бір жүргізіліп тұрады. 2013 жылғы барлау-есептеу жұмыстарының нәтижесінде Аймекеннің су қоры жеткілікті деп танылып, тәуліктік лимит 6048 текше метр боп бекітілді. Бұл жиырма жеті жылға бекітілген лимит. Жиырма жеті жылдан кейін есептеу-барлау жұмыстары қайта жүргізіледі, бұйыртса. Ел арасындағы «Аймекеннің суы жиырма жеті жылға жетеді екен» деп жаңсақ пікір осыдан қалыптасып отыр. «Жиырма жеті жылға жететін су қоры бар, қанша пайдаланамын десе өзің біл!» деген жоқ. Жыл аяғында тұтынушылар есебін негізге ала отырып, судың пайдалану мөлшері белгіленеді. Сұраныс қабылданады. 2018-2023 жылдарға арналған судың пайдалану мөлшері бекітілген. Мұны жергілікті атқарушы орган не біз бекітпейміз. ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі «Су ресурстары комитетінің



**III өрлеу сорғы стансасы, Сайқын ауылы, Бөкей ордасы ауданы, БҚО**

Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы» РМК ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып бекітеді. 2020 жылға рұқсат етілген су мөлшері – 255 612 текше. 2023 жылдарға қарай бұл мөлшер еселеніп, судың пайдалану мөлшері 300,0 текшеге дейін артқан. Судың пайдалану мөлшері жыл маусымына қарай өзгеріп отырады. Қыста, нақтырақ айтсақ, қаңтарда 14 600 текше пайдаландық. Шіліңгір ыстықта суды көп тұтынамыз. Бау-бақшаға пайдаландық дегеннің өзінде маусым айында 30 мың текше су тұтынып отырмыз. Ай сайын есеп тапсырамыз. Бекітілген мөлшерден аспау қатаң қадағаланды. Біздің де үстімізден тексеріп, бақылап отыратын мекемелер бар. Сейітқали елді мекенінде «Жайық гидрология» АҚ бақылау ұңғымасы орналасқан. Бізге тәуелсіз маманы бар. Ол да пайдаланылатын су мөлшерінің бекітілген су мөлшерінен аспауын, жер асты суының мөлшерін бақылап

отырады. ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы РМК-ге тоқсан сайын жер асты суының мөлшері туралы есеп тапсырылады. Ауызекі тілде Аймекен аталып кеткен елді мекеннің техникалық құжат бойынша заңды атауы – Шортанғай елді мекені. Дәл қазіргі таңда осы елді мекенде сегіз ұңғыма іске қосылған. Су құбырының жалпы ұзындығы – 202 шақырымды құрайды. Ордадан бастау алып, Сайқын, Мұратсай, Ұзынкөлмен жалғасып, Жәнібекке дейін қамтиды. Шортанғай суын 15 753 адам тұтынып отыр, 3611 үйге су кіргізілген. Тәуліктік лимит 6048 текше метр деп айттым, дәл қазіргі есеп бойынша тәуліктік лимит 626 текше метр боп отыр. Яғни, рұқсат етілген лимиттің 10%-ын ғана тұтынып отырмыз.

Десе де ел арасындағы «су мөлшері азайды», «қарағайлар құрдымға кетіп

жатыр» деген пікірлеріне құлақ аспай отырғанымыз жоқ. Тиісті органдарды хабардар етіп, қажетті зерттеулер жүргізіліп отыр. Қарағайлардың құлауына тек жер асты суының кеміп кетуі ғана себепші болмауы мүмкіндігі айтылды. Ыстық климат, қарағайлардың жас мөлшері де есепке алынуы керек. Ел аузында «қараңғы жол» аталып кеткен жолда жер үнемі дымқылданып тұрады. Көлшіктер ұдайы болады деп айтуға болады. Су мөлшерінің көп болуы да өсімдік әлеміне кереғарлығын тигізетінін ескеруіміз керек. Өзің де көрдің, су 1,90 метр тереңдіктен өніп жатыр. Өткен айдағы есеп бойынша 2,0 метрден өніп еді. Су деңгейі түскен жоқ қайта көтерілді деуге болады.

**– Жақсы. «Аймекеннің суы жиырма жеті жылға ғана жетеді» деген**



*Мұратсай-Жәнібек аралығындағы су құбыры жарылысын жөндеу кезінде түсірілген*

**пікірдің жаңсақтығын соқырға таяқ ұстатқандай қылып түсіндіріп бердіңіз. Дегенмен, су тапшылығы XXI ғасырдағы он қатердің бірі болады деген пікірді жоққа шығармайтын шығарсыз. Су тапшылығының ықтималдығын зерттеуші мамандардың сөзіне құлақ түрсек, бір миллиард адам таза суға зәру болса, үш миллиард адам сапасыз су тұтынғаннан денсаулығынан айырылып, түрлі аурудан зардап шегіп отыр. Жер шарындағы барлық судың 3,5%-ы ғана тұщы су. Елімізде де су тапшылығы өткір мәселе. Қазақстан Араб елдерінен кейінгі шөлейтті аймақ саналатыны бар ғой. Еліміз бойынша да су мәселесі күн тәртібіндегі өткір мәселенің бірі ғой.**

– Су қорының тапшылығы әлем халықтарының бас ауруы екені белгілі. Жоққа шығара алмаймыз. Жер шарындағы барлық судың 3,5%-ы тұщы су. Тұтынушы санының жылдан жылға артуы, өндірістің қарқынды дамуы бар, климаттық өзгерістер бар су дағдарысының туындауына себеп көп. Су тапшылығы мәселесін сауатты түрде шешудің жолдары қарастырылып жатыр. Қазір ащы суды тұщытатын да әдіс-тәсілдер өндіріске енгізілген. Судың тірлік көзі екенін жақсы білетін ағайын сол алтыннан қымбат суды пайдалануға келгенде ысырапшылдыққа жол беретіні жасырын емес. Тұтынушы халық үшін бір текше метр су құны бар болғаны 40 теңге, 95,07%-ын үкіметтен берілетін субсидиямен жабылады. Қазіргі жастың да, жасамыстың да сүйікті сусынына айналған «Coca-cola»-ның бір литрі 300 теңге, бір бөтелке салқындатылған суды 250 теңгеге алып отырған

